

*Төлеби ауданы*  
*«Бәйшешек»бөбекжай-бақшасы»*  
*мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны*

**01-16**

**Менгеруші жанындағы кеңестің  
хаттамалары**

5 жыл СТК  
16 тармақ (14)

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар  
және олармен бірдей  
электрондық құжаттар

**2022-2023**

**ОКУ ЖЫЛЫ**

## **Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы**

### **№1 хаттама**

**Откізілген күні:** 05 – қыркүйек, 2022 жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай менгерушісі Тургунбекова А.Е., әдіскер, музика жетекшісі, медбике, шаруа менгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны:** 12

**Қатыспағандар саны:** жок

**Себептің:** Себепсіз:

### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Мектепке дейінгі үйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің корытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
4. Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ортаңғы топтарда

**Тындалды:** Жиналысты бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

**Сөйлемді:** күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова А.Е. сөйлеп, мектепке дейінгі үйимда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтып, таныстырыды. Қазақстан Республикасы Оку- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйріғымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытууды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырыды. "Мектепке дейінгі үйимдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № КР ДСМ-59 бүйріғы, Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бүйріғы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап етілетіні жайлы түсіндірді.

**Жарысsezге шыққандар:** медбике Потапова Н.В. сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сактауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші А.Спатаева сөйлеп, биылғы оқу жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрақ қойып, жауап алды.

**Сөйлемді:** күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың менгерушісі Тургунбекова А.Е. сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі

жаңа оқу жылында жабық форматта, ата – ананың қатысуының өтіп, барлық топтың жас ерекшеліктеріне қарай Білім күнінің маңыздылығы, мәні туралы тақырыптық сабак өткізілгенін айтып, өткізілген тәрбие жұмысының мақсаты мен барысын айттып, жақсы өткені туралы айттып өтті.

**Жарыссе зеңгілдегі шыққандар:** әдіскер Бектемирова А.Е. сөйлем, оқу – тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп ізденіп, тәжірибе жинақтау керек екені жайлышының айтты.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжайдың менгерушісі Тургунбекова А.Е. сөйлем, жыл бойы өтілетін ертенгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырды. Педагогтар әр топта өтілетін ертенгіліктерді өз деңгейінде өткізуін талап етіп, жоспарды бекітті.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі төртінші мәселе** бойынша бөбекжайдың әдіскері Бектемирова А.Е. сөйлем, ортаңғы топтарда салыстырмалы бақылау нәтижесі жайлышы айтты. Ортаңғы «Балапан» және «Балбебек» топтарында үлгілік оқу бағдарламасын балалардың менгеру деңгейі, тәрбиешінің оқыту әдістемесі, балалардың өз алдына жұмыс істеу қабілеті, тәрбиешілердің іс – құжаттарды жүргізуі, ата- аналармен байланыс, апталық циклограмма бойынша жүргізілетін барлық оқу – тәрбие жұмыстары салыстырылып, анықтамасы жазылғанын және оқу жылдарында ортасында тағы да салыстыру жұмыстары болатынын айтты.

#### **Менгеруші жанындағы көңес жиналышының шешімі:**

1. Бөбекжайдың оқу – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертенгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін
4. Ортаңғы топтардағы салыстырмалы бақылау нәтижесі жақсы деп бағаланып, салыстырмалы бақылау жалғастырылсын

**Бөбекжай менгерушісі:**

Тургунбекова А.Е.

**Хатшы:**

Бектемирова А.



## **Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы**

### **№2 хаттама**

**Откізілген күні:** 10 – қазан. 2022 жыл.

**Катысқандар:** Бебекжай менгерушісі Тургунбекова А.Е., әдіскер, музика жетекшісі, психолог және балабақша тәрбиешілері

**Катысқандар саны: 11**

**Катыспағандар саны: 1**

**Себептісі: 1 Себепсізі: жоқ**

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Мектепке дейінгі жалпыға міндettі білім беру стандартына талаптарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтер жоспарының жазылу үлгісін талдау.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

**Тындалды:** Әкімшілік жиналысты бебекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бебекжай әдіскері Бектемирова А.Е. сөйлеп, мектепке дейінгі жалпыға міндettі білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған оқу жоспары қызметі жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта оқу қызметінің жоспары қалай құрылатыны көрсетіледі. Кіріспе бөлімде тәрбиеші балаларды ұйымдастырып, өткен оқу қызметін естеріне түсіріп қайталайды. Негізгі бөлімде жаңа оқу қызметімен таныстырып үйретеді, сергіту сәтін, тапсырмалар өткізеді.

Корытындыда оқу қызметін пысықтап, дидактикалық ойын арқылы корытындылайды деді. Осы жазылу үлгісіне қарап, оқу қызметін өткізу керектігін түсіндірді. Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар, жұмыстар жоспарланатынын айтып өтті.

**Жарыссөзге шыкқандар:** Тәрбиеші Э.Кенжебекова сөйлеп, вариативтік компонент бөлімін циклограмманың қай уақытына жоспарлайтыны туралы сұрақ қойып жауап алды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша менгеруші Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы сөйлеп, ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті іс-әрекеттердің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Күнделікті іс-

әрекеттер сабак кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің балалармен жұмыс жасау дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескеरту айтылады.

**Менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:**

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндettі білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.
2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын.

Бөбекжай менгерушісі:

Тургунбекова А.Е.

Хатшы:

Бектемирова А.



**Менгеруші жанындағы кенестің хаттамасы**  
**№3 хаттама**

**Откізілген күні:** 01 – қараша 2022 жыл

**Қатысқандар:** Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатысқандар саны:**

**Қатыспағандар саны:** 2

**Себептісі:** 2 **Себепсізі:** жоқ

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы. Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Дөңгелек үстел: «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары»

**Тыңдалды:** Менгеруші жанындағы кенес жиналысын бебекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бебекжай медбикесі Потапова Наталья Васильевна сөйлеп, балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтты қорытындылады. Топтардың тазалық талаптарын орындаулары бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптардың орындалуы жайлы айтты. Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сұрткіштер бір рет колдануға арналған саны жеткілікті.

Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр. Топтардың, жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындаамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты.

**Жарыссе зге шыққандар:** Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова сөйлеп, балалардың күнделікті тазалығын, тырнақтарының өспеуін, шаштарының тазалығын қарауды тапсырды. Қолдарын таза жууды, бір реттік сұлғіні дұрыс пайдалануды қадағалау керектігін айтты.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша бебекжайдың барлық топ тәрбиешілерінен апайлар сөйлеп, «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің

мақсаттарымен, өткізу барысымен таныстырыды. Сценарий бойынша әр топ жеке-жеке өткізді және балалар қандай әндер айтып, билер, тақпактар, ойындар ойнатылғанын айтып өтті. Ертеңгілікке санитарлық талаптар сақталынып, ата – ананың қатысумен өткенін айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші: Спатаева Айнур ертеңгіліктердің өте қызықты өткенін, ата-аналарға да, балаларға да ұнағанын айтты. Тәрбиеші: Серикбаева Гульнара ертеңгілікте безендіру жұмыстары өте керемет болғанын айтты.

Әдіскер Бектемирова Ақбота әр топта ертеңгіліктердің сценарий жақсы құрылғанын, балалар күз мезгілінің берекесін, молшылық, көп өнім беретінін түсініп, қызықты өтілгенін атап өтті. Ертеңгілік мақсатына жетті деп санаймын.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші мәселе** бойынша бөбекжайдың әдіскері Бектемирова Ақбота «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары» тақырыбында дөңгелек үстел өтетінін айтты, жаңартылған бағдарламаның әдіс – тәсілдерімен пікір бөлісуге шақырды.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші: Турдалиева Гулжан сөйлеп, Педагогикалық шеберлік орталығында білімін жетілдіріп келгенін, курсаты оқыған 4К моделінің бағыттары сынни ойлау, командамен жұмыс, креативті ойлау, коммуникативті дағдыны оку қызметтерінде қалай қолдану керектігі жайлы өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті.

Тәрбиеші Наримбаева Ұлжалғас педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрымдалған ойын, еркін ойындардың қалай ойналатыны туралы бөлісті.

Шеберлік орталығында білімін жетілдірген педагогтардың барлығы өз тәжірибесімен бөлісіп, пікірлерін ортаға салды.

#### **Менгеруші жаңындағы кеңес жиналышының шешімі:**

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы жақсы деп бағаланып, бақылау жалғастырылсын.
2. «Алтын күз» ертеңгіліктерінің өтілуі жақсы деп бағалансын.
3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары ұйымдастырылған оку қызметтерінде қолданылсын.

**Бөбекжай менгерушісі:**



Тургунбекова А.Е.

**Хатшы:**

Бектемирова А.

## **Менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы**

### **№4 хаттама**

**Откізілген күні:** 02- желтоқсан. 2022 - жыл.

**Қатысқандар:** Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатыспағандар саны:** жоқ

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру
2. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық тақырыптық оқу қызметтерін бекіту.
3. "Әке - ана - бала" отбасылық спорттық сайысының қорытындысы.

**Тындалды:** Жиналышты бебекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйледі:** **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру туралы балабақша медбикесі Потапова Наталья сөйледі. Балабақша қызметкерлерін балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауы үшін қандай нұсқаулықтарды сақтау керектігін айтЫП, ережемен таныстыруды. Балаларды серуенге алыш шығар алдында ойын алышының, жолдардың мұз қатып, сырғанақ болмауын, шатырлаардан мұз тамшыларының құлау қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізіп, міндettі түрде тексеріп шығу керек. Балалардың қауіпсіздік ережесінің сақталуы үшін ғимаратқа жақын жерде ойнатпау керек деді. Балаларды қыс мезгіліне сай жылы, әрі ынғайлы, аяқ киімдері сырғанақ болмауы керектігі туралы ата - аналармен сөйлесуге кеңес берді..

**Сөйледі:** **күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша балабақшаның топ тәрбиешілері кезегімен сөйлеп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің сценарийлерінің мақсаттарымен, барысымен таныстыруды. Тәуелсіздік - тірегім ертеңгілігінде балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орындалап, тақпактар айтады.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиөші Серикбаева Гульнара сөз алыш, МАД тобында Тәуелсіздіктің мағынасы түсіндіріліп, балалардың қатысуымен көрініс дайындалып жатқанын айтты. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мысттан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысады. Сонымен қатар қандай билер, ойындар, көріністер дайындалып жатқанын айтЫП, балалар, кейіпкерлер костюмдері туралы ой

бөлісіп, кеңесті. Басқа топтардың да тәрбиешілері өз сценарийлерімен таныстырып, талқыланды.

Әдіскер Бектемирова Акбота сөйлеп, ертеңгіліктердің сценарийлері қызықты және тәрбиелі екенін айттып, бекітуге ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші** мәселе "Әке - ана - бала" отбасылық спорттық сайысы өткізілуі туралы Мектепалды даярлық "Вишенка" тобының тәрбиешісі Турдалиева Гулжан сөйлеп, өткізілген отбасылық спорттық сайысын барысымен, мақсатымен таныстыруды. Сайыста қандай жарыс турлерін өткізгендерін айтты.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші Кудайбергенова Куляш сөйлеп, отбасылық сайыстың жақсы дәрежеде өткенін, ата - аналар балаларымен белсенді қатысқанын, өйткені дұрыс ұйымдастыра білген деген ұсыныс айтты.

**Менгеруші** А.Е.Тургунбекова сөйлеп, жарыстың талапқа сай, қауіпсіздік ережесі сақталып өтілгенімен қатар, эстафеталық ойындар қызықты, дұрыс таңдалып алғанған деген пікір айттып, жақсы деген баға берді.

**Тәрбиеші** М.Шакирова сөйлеп, спорттық сайыстың өткізілуінен өзіне біраз тәжірибе алғанын айттып, жақсы деп бағалады.

#### **Менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:**

1. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына арналған нұсқаулықтар әрдайым сақталынсын.
2. «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы Жаңа жылдық тақырыптық оқу қызметтердің сценарийлері бекітілсін.
3. «Әке - ана – бала» отбасылық спорттық сайысының қорытындысы жақсы деп бағалансын.

**Бөбекжай менгерушісі:**



Тургунбекова А.Е.

**Хатшы:**

Бектемирова А.

**Менгеруші жаңындағы кеңестің хаттамасы**  
**№5 хаттама**

**Откізілген күні:** 06.01.2023 жыл.

**Қатысқандар:** Бобекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері.

**Қатыспағандары:** жоқ

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық оку қызметінің қорытындысы.
2. Табиғат бұрышының жағдайы.

**Тыңдалды:** Менгеруші жаңындағы кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркеңқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота сөйлеп, «Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің откізілген барысымен таныстыруды. "Тәуелсіздік - тірегім" ертеңгілігінде балалар Отан, Қазақстан, тәуелсіздік туралы әндер орынданап, тақпактар айттып, белсене қатысып, билеп және үлттық киімдермен қатысқанын айтты.

Ал жаңа жылдық ертеңгіліктер әр топта бөлек-бөлек откізіліп, Аяз ата, Ақшакар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысып, ертеңгіліктердің қызықты өтуіне әсерін тигізді. Кейіпкерлер ойындар ойнаттып, тапсырмалар орындастып, ертегі оқиғасы бойынша жүргізілгені балаларға қызықты болды. Ата-аналар да балаларының қуаныштары үшін көптең келіп, балалардың көрсеткен өнерлеріне тамсанып, балабақша қызметкерлеріне өз ризашылықтарын білдіріп кетті.

**Жарыссе зе шыққандар:** тәрбиеші Г.Сатыпалдиева сөйлеп, «Тәуелсіздік- тірегім» атты ертеңгіліктің ұйымдастырылуы керемет болғанын және Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының жеткен жетістіктері туралы айтқаны балалардың туған жер туралы білімдерін кеңейтті деп санаймын деді. Жаңа жылдық ертеңгіліктер әрине көңілді, қызық етілді. Ертеңгіліктердің отілуін жақсы деп бағалады.

**Тәрбиеші К.Кудайбергенова** Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгіліктің мән - мағынасы ертеңгілік барысында ашып көрсетілді, балалардың өз мемлекетімізге деген мақтаныш сезімдері оянды деп айтты. Жаңа жыл ертеңгіліктері балаларға көтеріңкі көңіл - күй қуаныш сыйлайтында жақсы дәрежеде отілді деді. Жақсы деп бағалайтынын айттып етті.

**Тәрбиеші А.Спатаева** Ертеңгіліктер барысында балалардың тек Тәуелсіздік туралы түсініктері қалыптасып қоймай, сахнада қалай тұруды, қалай өнерлерін көрсетуді үйренгенін айтты. Балалардың би билеп, ән айта білуіне жақсы сценарийдың көп көмегі тиді деді. Ертеңгілікке көмегін

көрсеткен апайларға ризашылықтарын айтып, еңбектері көп болғанын айтып, ертенгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалап өтті.

**Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова** сөйлем, ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айтып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бебекжай әдіскері А.Бектемирова** сөйлем, бебекжайды табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты. Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме ғулдері, ғулдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүруде деді. Алайда тірі жануарлар бұрышы жоқ, яғни құстар, тышқандар, балықтар т.б. жоқ болып тұр, жануарлар бұрышын қалай ұйымдастыrsaқ болады деген ұсыныс айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** У.Наримбаева табиғат бұрышына арнайы қаржы бөлінбегендіктен жасай отыра алмағандарын және әрине тірі бұрыш болса балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, табиғатқа қамқор болуға үйренер еді деді. Тірі бұрыш жасауға қамқоршылық кеңеске ұсыныс тастап, демеушілер тарапынан ұйымдастыrsaқ деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел колдады.

**Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бебекжайдың әдіскері А.Бектемирова** сөйлем, «Серуен картотекаларының жиынтығы» атты тақырыптық бақылау нәтижесі туралы сөйледі. Серуен картотекаларын барлық топ тәрбиешілері дайындалған, әр жыл мезгіліне сай жасалып жатқан бақылау, еңбек, ойын түрлері туралы жоспарланған жұмыстар дайындалғанын айтты. Тақырыптық бақылау нәтижесі жақсы деп қорытыланды.

#### **Менгеруші жанындағы кеңес жиналышының шешімі:**

1. Тәуелсіздік күні» мерекесі мен барлық топтардағы жаңа – жылдық ертенгіліктердің қорытындысы "жақсы" деп бағалансын.
2. Табиғат бұрышындағы тірі бұрыштар туралы Қамқоршылық кеңеске ұсыныс тасталып, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілін.

**Бебекжай менгерушісі:**



Тургунбекова А.Е.

**Хатшы:**

Бектемирова А.

## **Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы**

### **№6 хаттама**

**Откізілген күні:** 07- ақпан . 2023 - жыл.

**Қатысқандар:** Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, аспаздар, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатыспағандары:** жок

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.«Қыс қызығы» ойын – сауықтарын талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын бақылау
3. Балалардың шығармашылық жұмыстарын талдау

**Тындалды:** Менгеруші жанындағы кеңесті бебекжай менгерушісі Тургунбекова Акмарал Есиркепқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бойынша бебекжай әдіскері А.Бектемирова сөйлеп, «Қыс қызығы» ойын – сауықтың мақсатымен, өткізілу барысымен таныстыруды. Ойын – сауыққа Қар ханшайымы, Ақкала, Қасқыр, Тұлқі келіп сценарий бойынша қатысып, ойын - сауықтың қызықты өтуіне әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қысқы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізілгені балаларға қызықты болғанын айтты. Балаларды таза қысқы ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары оянғанын айтты.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші М.Шакирова сөйлеп, қыс мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалармен шанамен сырғанап, қармен ойнап денсаулықтарын шынықтыруды, әрі көңіл – күйлері көтеріліп қалды деді. Ойын – сауықтың өтілуін жақсы деп бағалады.

**Тәрбиеші** А.Жунисбекова ойын – сауықтың ұйымдастырылуы өте қызық болғанын және таң қалдыру сәтіне Қар ханшайымы, Аққала, Қасқыр, Тұлқі келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Қорытындысын жақсы деп бағалайтынын айттып өтті.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша бебекжай кәсіподақ комитетінің тәрайымы Наримбаева Улжалгас сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы, тамақтың сапасын кәсіподақ мүшелерінің бақылауларының нәтижесін айтты. Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып, бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады. Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылған, тәрбиеші көмекшілері топтарына тамақтарды алуға өз уақыттарында келіп тұратынын айттып, әр топқа астар да уақыттарымен берілгенін айттып өтті.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша бебекжайдың әдіскері А.Бектемирова сөйлеп, балалардың шығармашылық жұмыстарына талдау

жасалғанын айтты. Балалардың шығармашылық жұмыстары ұйымдастырылған іс-әрекет өтіліп, қорытынды жасалып болған сон, ата – анаға көрінетіндегі жерде жасалынған көрмеге ілінетінін және келесі ұйымдастырылған іс-әрекетіне дейін ілулі тұратынын айтты. Балалардың шығармашылық жұмыстары тігіліп, қай күні өтілгені, қанша бала қатысқаны жазылып, тігіліп қойылғанын айтты. Әр топта балалар жұмыстарының жинақталуы бақыланып, нәтижесін жақсы деп бағалады.

### **Менгеруші жаңындағы кеңес жиналышының шешімі:**

1. «Қыс қызығы» ойын – сауығы өз дәрежесінде жаксы өтілді деп бағалансын.
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сақталынсын.
3. Балалардың шығармашылық жұмыстары көрмеге ілініп, тігіліп, жинақталу жалғастырылсын.

Бебекжай менгерушісі:



Тургунбекова А.Е.

Хатшы:

Бектемирова А.

## Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы

### №7 хаттама

**Откізілген күні:** 09 - наурыз . 2023 - жыл.

**Катыскандар:** Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері.

**Катыспағандар:** жоқ

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. «Армысың, әз Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы

**Тындалды:** Менгеруші жанындағы кеңесті бебекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі бірінші** мәселе әдіскері Бектемирова Акбота сөйлеп, «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесі ертеңгілігінің сценариймен таныстыруды. Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай өнер түрлерін көрсететінін, қандай әндер, билер орындастынын және қандай ертегі кейіпкерлері, Қызыр баба, Наурыз қызы, Әжелер, Алдар көсе мен Бай кімдер болатыны жайлы ақылдасты. Қазақ халқының ертегі желісі бойынша, салт – дәстүрлерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарымызды көріністер ретінде балаларды қатыстырып көрсетсек деп жоспарлап отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, ойларын айттып келісті.

**Жарыссаға шыққандар:** тәрбиеші К.Кудайбергенова сөйлеп, Қызыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бүйімдардан ойыншық немесе ұлттық бүйім берілсе деген ой айтты. Аяз атаны күткендей балалар Қызыр бабаны да күтіп, сағынып, Наурыз мерекесінің мәнін түсініп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

**Тәрбиеші** Канапиянова А. сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

**Менгерушісі** Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы сөйлеп, әр топта өткізілетін ертеңгіліктерге ата – аналардың келіп қатысуын және балалар өнерлерін көрсеткенде киімдеріне мән беріп, залда жақсы тұруларына, ешқандай бала қараусыз қалмауын қадағалауды тапсырды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша бебекжайдың шаруа менгерушісі Арсланова Альмира сөйлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстыруды. Бебекжайда әр оку жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айттып берді. Апат

кезіндегі сыртқа шығу картасымен таныстырыды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдармен сөйлеспеуге, шақырса бармауға, тәтті берсе жемеуге, от шығатын заттармен, қауіпті заттармен ойнамау туралы үнемі әңгіме жүргізу керектігі туралы айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** тәрбиеші М.Шакирова өрт сөндіргіш баллонды қалай колдану жайлы сұрақ қойып, сұрагына жауап алды.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша медбике Потапова Наталья сөйлеп, балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы туралы айтты. Санитарлық талаптың орындалуы, дезинфекция талаптарының орындалуы, ылғалды сұрту жұмыстары, күрделі тазалау жұмыстарының жүргізілуіне күнделікті бақылау жүргізіліп, бағаланып, ескерту шаралары сол кезде айттылып кететінін айтты.

#### **Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі:**

1. «Армысың, әз Наурыз» мерекелерінің сценарийі бекітіліп, өз дәрежесінде өткізілсін.
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы «жақсы » деп бағалансын.
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы талапка сай деп бағаланып, санитарлық талап үнемі сақталынсын.

**Бебекжай менгерушісі:**



Тургунбекова А.Е.

**Хатшы:**

Бектемирова А.

**Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы**  
**№8 хаттама**

**Откізілген күні:** 04 - сәуір . 2023 - жыл.

**Қатысқандар:** Бөбекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатыспағандар:** жоқ

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы
2. Көктем мезгіліндегі участкедегі жұмыстар
3. Топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекеттерге даярлықты бақылау

**Тындалды:** Менгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші** мәселе бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота сөйлеп, «Армысың, әз Наурыз!» мерекесіне арналып өтілген ертеңгіліктердің қорытындысын айттып өтті. Сценарийде жоспарланған ойындардың барлығы кейіпкерлердің қатысуымен өткізілгенін және балаларға ұнағанын, көнілді болғанын айтты. Сонымен бірге Наурыздың мән – мағынасы таныстырылып, Қызыр баба келіп, балаларға батасын берді деді.

**Жарыссе зге шыққандар:** тәрбиеші Спатаева Айнур Ұлыстың ұлы күніне балалар ұлттық ойындар ойнап, салт – дәстүр туралы білуге қызығушылықтары оянды деп санаймын деді. Сонымен қатар салт – дәстүрдің көріністерін балаларға көрсеткеніміз дұрыс болды деп санаймын деді.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі екінші** мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа менгерушісі Арсланова Альмира сөйлеп, көктем мезгіліндегі жұмыстардың барысымен таныстыруды. Гүл еgetін клумбалар аударылып өнделу, гүлдер егу, ағаштардың түбін қосыптып әктеу т.б. жұмыстарды бірлесіп жасап, бөбекжай ауласын көркейтуге шақырды.

**Жарыссе зге шыққандар:** бөбекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркеңкызы бөбекжай ауласы гүлденіп тұрса, балаларға да, ата- аналарға, қызметкерлерге қандай жақсы көңіл – күй сыйлайтынын толығырақ айтты.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекеттерге даярлықты бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттердің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерге дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескеरту айтылды деп сөзін аяқтады

**Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі:**

1. Наурыз мерекесіне арналған ойын – сауық қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар бойынша кесте күрылыш, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтардағы педагогикалық процесс пен ұйымдастырылған іс-әрекеттерге даярлықты бақылау жалғастырылсын.

Бебекжай менгерушісі:

Хатшы:



Тургунбекова А.Е.

Бектемирова А.

**Менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы**  
**№9 хаттама**

**Откізілген күні:** 30 – мамыр 2023 - жыл.

**Қатысқандар:** Бебекжай менгерушісі А.Е.Тургунбекова, әдіскер, медбике, шаруа менгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

**Қатыспағандар:** жоқ

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бебекжаймен қоштасу ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтыру шаралары:

- бассейнмен жабдықтау;
- Құмсалғыштарды құммен толтыру

Тағамның сапасын, әртүрлілігін бақылау.

**Тыңдалды:** Менгеруші жанындағы кеңесті бебекжай менгерушісі Тургунбекова Ақмарал Есиркепкызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстыруды.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша ортаңғы «Балапан» тобының тәрбиешісі Наримбаева Улжалғас «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтіне Дымбілмес жол ережесін бұзғанын, жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеске жол тәртібі туралы, жолда абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауықта балаларға қандай жол ережелерімен таныстарғанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

**Жарыссызге шыққандар:** тәрбиеші Канапиянова Алия ойын-сауыққа көрнекіліктер, жол ережесіне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатына жетті деп ойлаймын деді.

**Тәрбиеші :** Кудайбергенова Кулаш «Жолда жүру ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерімен, жолдан, ақжолақтан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өз өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айтып өтті.

**Сөйлемді:** **күн тәртібіндегі екінші мәселе** бойынша Мектепалды даярлық «Вишенка» тобының тәрбиешісі Серикбаева Гулнар сөйлем, «Прощай, детский сад!» іс-шарасының сценариймен, барысымен таныстыруды. Қоштасуда балалар іс-шараға арнап дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, тақпақтарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бебекжайдың барлық қызметкерлеріне алғыстарын білдіреді. Ата-аналармен де ойындар ойнату ұйымдастырылуда деп толық айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** ересек «Звездочка» тобының тәрбиешісі Шакирова Мәлдір сөйлеп, қоштасуда балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында математика негіздері үйымдастырылған іс-әрекетінен әртүрлі тапсырмалар орындайтындары, дидактикалық ойындар қосылатыны өте жақсы екенін айтты.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі үшінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота сөйлеп, 1- маусым балаларды қорғау күніне арналған «Біз бақытты баламыз» атты ертеңгілігі бөбекжайдың ауласында өтетінін, аула безендіріліп, балаларға балабақша атынан тәттілер дайындалатынын айтты. Ертеңгіліктің сценариймен таныстырып, билер, әндер, түрлі қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

**Жарыссөзге шыққандар:** бөбекжай медбикесі Н.Потапова «1-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің бөбекжай ауласында өткенде санитариалық талаптарды қатаң сақтай отырып, барлық топтардың тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері балалардың қауіпсіздігін қадағалап, бөбекжай әкімшілігі тарапынан берілетін тәттілер мен дәрумендерді балалар абайлад жегендерін қарауларын айтып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

**Сөйлемді: күн тәртібіндегі төртінші** мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Бектемирова Акбота жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шаралармен таныстырды.

Педагогтар бекітілсін деп бір ауыздан қолдады.

**Жарыссөзге шыққандар:** шаруа менгерушісі Арсланова Альмира жаз мезгіліндегі тағамның сапасының әртүрлігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылып, жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

#### **Менгеруші жанындағы кеңестің шешімі:**

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағалансын.
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийи бекітілсін.
3. «1 маусым -Балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің сценарийи бекітілсін.
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

**Бөбекжай менгерушісі:**



Тургунбекова А.Е.

**Хатшы:**

Бектемирова А.